



БҮЙРЫҚ

2024 жыл би наурыз

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 55

город Астана

**Ата-аналарды педагогикалық қолдау  
орталығы қызметінің тұжырымдамалық  
тәсілдерін бекіту туралы**

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 1-тармагының 11) тармакшасын іске асыру мақсатында **БҮЙЫРАМЫН:**

1. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы қызметінің тұжырымдамалық тәсілдерін бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаменті (М.А. Медетбекова) осы бұйрықты облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармалары басшыларының назарына жеткізсін және оны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурстарында ориналстыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы оқу-ағарту вице-министріне (Е.С. Оспан) жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



Бейсембаев

Қазақстан Республикасы  
оку-агарту министрінің  
2024 жылғы «6» ақпандығы  
№ 55 бұйрығымен бекітілді

**Ата-аналарды педагогикалық қолдау  
орталығы қызметінің тұжырымдамалық  
тәсілдері**

**1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Ата – аналарды педагогикалық қолдау орталығы қызметінің тұжырымдамалық тәсілдері (бұдан әрі – Тұжырымдамалық тәсілдері) Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының (бұдан әрі – Орталық) мақсатын, міндеттерін, қызмет принциптерін, гылыми-әдістемелік қолдау көрсету мазмұнын, сондай-ақ Орталық қызметінен күтілетін нәтижелерін айқындайды.

2. Орталық қызметінің өзектілігі өскелең үрпақтың құндылықтарын қалыптастырудың отбасына педагогикалық қолдау көрсетудің маңыздылығымен айқындалады.

3. Орталықтың қызметі позитивті ата – ана мәдениетін арттыру арқылы балалардың қауіпсіздігін, денсаулығын және психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз етуге ықпал етуге бағытталған.

**1-тaraу. Ағымдағы жағдай**

4. Еліміздің заңнамалық деңгейінде балалардың құқықтары мен мұдделерін қорғау бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы әзірленді.

Отбасы саясаты саласындағы белсенді мемлекеттік қолдауға қарамастан, Қазақстанда 2021 жылы жүргізілген зерттеу деректері ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеуіне аз тартылғанын көрсетті (ата – аналардың 42% – ы мектепке бармайды, 25%-ы балаларды дамыту үшін кітаптар мен басқа материалдарды сатып алмайды, 55% - ы баламен бірге мұражайларға, театрларға ешқашан бармайды немесе сирек барады).

Сонымен қатар, зерттеулер ата-аналардың баланың жеке тұлға ретінде

қалыптасуына және оның академиялық жетістіктеріне әсер ететіндерін раставды. PIRLS – 2016 халықаралық зерттеудің нәтижелеріне сәйкес, ата – аналары балаларымен жүйелі түрде айналысатын төртінші сынып оқушылары ата-аналары балаға сирек көніл болетін оқушыларға қарағанда 24 баллға, балаларының оқуына мұлдем көніл бөлмейтін балаларға қарағанда 110 баллға жогары болды.

Бұл жағдайдың себептерінің бірі – ата-аналардың психологиялық – педагогикалық мәдениетін дамытудың жеткіліксіз деңгейі, балалар мен ата-аналардың қарым – қатынасының бұзылуы.

Бұл үрдіс ата – аналар үшін Орталықтар форматында психологиялық – педагогикалық ағарту жұмыстың жүйелі түрде іске асыруының өзектілігі мен қажеттілігін раставды.

### **3-тaraу. Орталық қызметінің мақсаты, міндеттері, қағидаттары**

5. Орталықтың мақсаты – позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру.
6. Орталықтың міндеттері:
  - 1) ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру;
  - 2) ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық – педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамыту;
  - 3) Отбасы – Мектеп өзара іс – қимылын ныгайту;
  - 4) отбасылық тәрбие процесінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша ата-аналардың уәждемесін арттыру.

#### **7. Орталық қызметінің қағидаттары:**

- 1) гуманистік бағыт;
- 2) ұлттық мәдениетке, құндылықтар мен дәстүрлерге сүйену;
- 3) ата – аналардың ағартушылығын сарапау және даралау;
- 4) заманауи ғылым мен практиканың жетістіктерін пайдалану;
- 5) әлеуметтік серіктестік.

#### **8. Орталықтар жалпы білім беретін мектептер базасында жұмыс істейді.**

Орталықтың қызметіне жалпы білім беретін мектептердің педагогтері, оның ішінде мектеп директорларының тәрбие жөніндегі орынбасарлары, сынып жетекшілері, педагог-психологтар, тәлімгерлер қатысады.

Орталықтың қызметіне белсенді ата-аналарды, аға буын өкілдерін, ата-ана комитеттердің төрағаларын тартуга ұсынылады.

Орталықтың сабактары мектеп директоры бекіткен кестеге сәйкес әр түрлі интерактивті формаларды қолдана отырып откізіледі: дөңгелек үстел, пікірталас, мига шабуыл, іскерлік және ролдік ойындар, мастер-класс, тренинг.

9. Орталықтың сабактары осы Тұжырымдамалық тәсілдерге қосыншада ұсынылған ата – аналарға педагогикалық қолдау көрсету бағдарламаларына (бұдан әрі – Бағдарламалар) сәйкес откізіледі.

Әр Бағдарлама жылына сегіз сабакты қамтиды. Ата-аналар

қауымдастырының нақты психологиялық – педагогикалық білімге сұранысын зерттеу үшін сауалнама жүргізу ұсынылады. Сауалнама қорытындысы бойынша нақты мектеп үшін өзекті проблемалар мен тақырыптар бойынша екі-үш сабак өткізуге жол беріледі.

Бағдарламалардың мазмұны ұлттық құндылықтарға, олардың дамуының жас ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың әл-ауқатының теориялық негіздеріне бағытталған.

10. Ұлттық мәдениеттің неғұрлым шоғырланған мазмұны «Даналық мектебі» клубының (бұдан әрі – Клуб) қызметінде көрініс табады. Клуб Орталықтар жұмысының ажырамас болігі болып табылады және ерікті негізде құрылады.

Клубтың мақсаты – аға үрпақтың педагогикалық әлеуетін өзектендіру арқылы позитивті ата-ана мәдениетін дамыту.

Клубтың міндеттері:

- 1) Клуб жұмысына аға үрпақтың бастамашыл өкілдерін тарту;
- 2) халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық дәстүрлерін өскелен үрпақты тәрбиелеудің негізіне айналдыруға жәрдемдесу.

Клуб қызметінен күтілетін нәтиже:

- 1) позитивті ата – ана мәдениетін қалыптастыру үшін аға үрпақтың тәжірибесін табысты пайдалану;
- 2) ұлттық құндылықтар мен дәстүрлер негізінде өскелен үрпақты тәрбиелеу.

11. Ата – аналар қоғамымен өзара іс – қимылдың негізгі институты ата-аналар комитеттері болып табылады. Педагогтер ата-аналар комитеттерімен бірлесіп, заманауи үрдістерді қолдана отырып, ұлттық құндылықтарға негізделген балаларды тәрбиелеу жүйесін құрады.

#### **4-тaraу. Орталықтарды ғылыми-әдістемелік қолдау**

12. «Өркен» балалардың әл-ауқатының ұлттық ғылыми – практикалық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Институт) Орталықтарға ғылыми-әдістемелік қолдау көрсетуді іске асырады.

13. Институт:

- 1) ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету бағдарламаларын және сабак жоспарларын;

ақпараттық ресурстарын: әдістемелік нұсқаулықтар, презентациялар, чек-парапттар, бейнероликтер;

институт сайтындағы цифрлық ресурстарын (оның ішінде видео – сабактар) ұсынады;

2) ата – аналарға педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастырудың өзекті мәселелері бойынша вебинарлар мен семинарларды өткізеді;

- 3) «Ата – аналарды психологиялық-педагогикалық оқытудың ғылыми-

әдістемелік негіздері» білім беру бағдарламасы бойынша педагогтердің біліктілігін арттырады.

### **5-тaraу. Күтілетін нәтижелер**

14. Орталықтардың қызметі нәтижесінде:

- 1) ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету жүйесі іске асырылады;
- 2) ата-аналардың позитивті ата-ана болу құзыреттерін дамытуға уәждемесі артады;
- 3) ата-аналардың білім беру процесіне қатысуы артады;
- 4) Ата-ана – Мектеп өзара іс-қимылы күшеттіледі;
- 5) ұлттық құндылықтардың тәрбие процесіне интеграциясы күшеттіледі.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ  
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ  
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ  
«№268 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ»  
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«ШКОЛА – ЛИЦЕЙ № 268»  
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ  
ҚЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ  
ОБРАЗОВАНИЯ  
ҚЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҮЙРЫҚ  
«31 » 08 2023 ж./г.  
Махамбетов ауылы

ПРИКАЗ  
№ 1164.8.  
село Махамбетова

**«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығын құру туралы**

- «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік  
Кеңесінің 2023 жылғы 15 тамыздағы № 4 хаттамасына сәйкес **Б(Й)ЫРАМЫН:**
1. Мектептің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту мақсатында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы құрылсын;
  2. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жетекшілігіне директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ә. Беделбековке бекітілсін;
  3. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы бағдарламасының жүзеге асырылуы мектеп тәлімгері Н. Рахманқұловага, әлеуметтік педагог А. Абилькасимовага, мектеп психологі Ж. Бажеева, 1-11 сынып жетекшілеріне жүктелсін;
  4. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмысын жоспарлауда ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдағы № 1 қосымша «Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасы» негізге алынын;
  5. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының бағдарламасына сәйкес ата-аналарға арналған оқыту кестесі құрылсын.
  6. Ата-аналармен өткізілген іс-шаралардың ақпаратын әлеуметтік желілерге, БАҚ жариялау Н. Рахманқұловага жүктелсін:
  7. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы жанынан «Даналық» мектебі құрылсын.
    - 7.1. «Даналық» мектебінің жұмыс барысында «Аталар, әкелер, агалар» және «Әжелер, аналар, женгелер» ақыл-кеңес, үлгісі енгізілсін;
    - 7.2. «Даналық» мектебінің жетекшілігі Қылышбаева Рысжан бекітілсін;
    - 7.3. «Даналық» мектебінің жұмыс жоспары құрылсын;
  8. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ә. Беделбековке жүктелсін;

Мектеп – лицей директоры:



М. Абильдаев

«Бекітімін»

№268 Мектеп-лиссеңінің  
М.Т.Абильдаев



**№268 мектеп-лиссеңінің бойынша балаларды тәрбиелей мен дамыту жөніндегі  
АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

№	Такырыбы	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты мамандар
<b>1-4 СЫНЫП ОКУШЫЛARЫНЫң АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ</b>				
1.	Отбасы - бакыт бесігі	Балалардың әл-ауқаты оның бакытты омірінің негізі	Кыркүйек	Әлеуметтік педагог Аналар мектебінің төрайымы
2.	Ата-ана омірінің бағыты мансабы бакытты адам тәрбиелей	Отбасында жағымды психологиялық ахуал кальптастыру: ата-ананың балага назар аударуы, колдау, позитивті карым-катьнас, өзара түсністік, сенімге күрілген карым-катьнас Жалпыламзаттық және үлгіттік күндылыктарға негізделген отбасылық тәрбие әдістері	Казан	Педагог-психолог ДТДКО
3.	Білімдігің дүниесі жарық.	Баланың танымдауқ кабілеттерінің даму деңгейін және мектепке бейімделуін диагностикалау	Караша	Педагог-психолог ЛТДО
4.	Таным күанышы: баланың кызыга окуына қалаі комектесеміз?	Баланың есте сактау кабілетін, зейінін, ойлаудың және карым-катьнас жасау дағдыларын үлгіттік мәдениеттің негізінде дамыту әдістері Балалардың окуга көзінүштілігін арттыру үшін отбасы мен мектептің өзара әрекеті	Караша	ДОДКО
4.	Әрбір бала – жарық жүргілдік	Баланың еркін-жігері мен мінезін үлгіттік күндылыктар арқылы тәрбиелей	Желтоксан	Педагог-психолог ДТДО

5.	<b>Баланы жастаң...</b> Бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны қалаі дамытуға болады?	Ойындар – баланы дамытулын негізгі құралы Интеллектуалды ойындар және олардың бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны дамытуға жаһандағы	Кантар	Сынып жетекшілер Тәлімгер
6.	<b>Құмар ойындары – тәуелділік какпаны</b> Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай жеткүте болады?	Интернетті пайдалану режимін сақтау Жақсыдан үйрен, жаманнан жириен. Баланы ойника тәуелділікten қалай коргауға болады? Компьютерлік ойындарға балама ретінде: спорт, белсенділік ойындар, шығармашылық, оқу, серуендеу, театр және т. б.	Ақпарат	Педагог-психолог ДПДКО
7.	<b>Сенім аргу - жегістік кепілі</b>	Бала өміріндегі киындықтар Агрессия, етірік айту, ашуулану және басқа киын жағдайларданың сезімі.Әдептілік, ар-ұят – адамдықтың белгісі. Тұрлайы Минез, жат кылъық – нағандықтың белгісі.	Наурыз	Педагог-психолог ДПДКО
8.	<b>Әкесін көріп ұл осер,</b> <b>шешпені көріп кыз осер</b>	Отбасында уакытты бірге откізуудін пайдасты. Уәдесін орнаңдау – ата-ананың ең басты қагидасты	Сәуір	Сынып жетекші Ата-анаар комитетінің төраымлары
9.	<b>Тәлімменен орілген біздін дәстүр</b>	Обласының дәстүрлердің озектілігі. Обласының дәстүрлер – обласының карамы-жетекшіліктың сенімін, сүйіспенешіліктің көрінісі. Обласының дәстүрлердің әдепке айналдыру жолдарын үйрету: практикалық әдістер	Мамыр	Әкелер мектебінің төрағасы ДПДКО

**5-9 СЫНЫП ОКУШЫЛЫРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫННЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

1.	<b>Позитивті тәрбиє</b>	Позитивті ата-ананың ерекшеліктері: жағымсыз көніл-күйден жағымды эмоциялардың басым болуы; жасөспірімнің бойындағы ізгі қасиеттерге назар аудару, күшті және жағымды мінез-құлық қасиеттерін дамыту. Позитивті тәрбиенің принциптері мен ережелері. Позитивті тәрбиенің үлттық бастаулары	Кыркүйек Казан	Педагог-психолог ДТЖО
2.	<b>Жасөспірімнің бейімдеуі</b>	Жасөспірімнің физиологиялық (тұрғыда) бейімдеуі, оның іс-ерекетін жақсарту жағдайлары. Үлттық тамактану мәдениеті - жасөспірімнің физиологиялық бейімдеуінің мүмкіндігі	Қараша	Медбике Педагог-психолог
3.	<b>Балага үйрету: ақылының мейірімге орап бер</b>	Мүшел жас. Жасөспірімнің жастық дәғдарыстары, олардың көріністерін шығу жолдары  Жасөспіріммен калај карым-жельнас жасау көрек, конструктивті келіссөздер  Ата-ана мен бала арасындағы эмоционалдық байланысты сактаудың шарты - кешіре білу	Желтоқсан	Педагог-психолог
4.	<b>Бұлак корсек, көзін аш.</b>	Отбасы жағдайнда жасөспірімнің шыгармашылық ойлаудың дамыту әдістері  Баланың шыгармашылық ойындардың манзызы  Балапармен жүргізілетін шыгармашылық ерекеттің тиімлілігін артыру Шыгармашылық тұлғаны дамыту үшін отбасы мен мектептің өзара ерекеттесуі	Кантар	Сынып жетекшілер
5.	<b>Ақпараттан ақ-караны ажырату онері.</b>	Интернет және жасөспірімнің желдегі ерекшеліктерінің формалары  Ата-ананың жасөспірімді кибербуллинген және интернет кеңістігіндегі кеудегі көздерден корғау алгоритми	Ақпан	Педагог-психолог ДТЖО
	<b>Жасөспірімнің негізгілер</b>	Жасөспірімнің ақпараттық күйіндеңдегі камтамасыз ету бойынша мектеп		

	іарекегі	пен ата-ананың өзара әрекегі		
6.	«Кажеттілік» пен «қалау» арасындағы тәле-тәндікі қалай сактауға болады	Жасеспірмінің кажеттілктері мен қалаулары Жасеспірмідер арасындағы құқық бүзушылықтың алдын алу	Наурыз	Педагог-психолог Әкелер кенесінің төрағысы
7.	Жасеспірмідермен қарым-қатынас құпиялары Жасеспірім мінезінің ерекшеліктері	Жасеспірмідер арасындағы қажеттіліктер. Коркыту. Әделсіз есken адамнан, тәрігіпен есken тал жақсы	Сәуір	ДТЖО Педагог-психолог
8.	Оғбасы құндылығы - сарқылмас казына Құндылықтар - оғбасының құндылығы ретінде оғбасы бакыттының негізі	«Көніл кен болса, үйдін тарлығы білінбес»: Конакжайлылық - отбасы құндылықтарының негізі Бабалар дәстүре - ұрлакқа есігі - оғбасының құндылығы ретінде үрлактан-урлакқа жалғасып келе жаткан дәстүрлерді талқылау және колдану	Мамыр	Женшелер мектебінің төрайымы Атапар мектебінің төрағасы ДТЖО

**10-11 СЫНЫП ОКУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

1.	Болашын деген баланың бетін какпа, белін бу...	Позитивті ата-ана тәрбиесі – жоғары сыйнып окушысының өз болашағын өз бетінше құруға қалауды мен кабілетін колдау	Кыргүйек Казан	Педагог-психолог. ДТЖО
2.	Адамгершілік құмбылдықтар негізіндегі тәрбиелену - тұлға калыптасуының негізі	Ұлттық этика негізіндегі заман талабына сай өзін-өзі тәрбиелену әдістері негізіндегі тәрбиелену - тұлға калыптасуының негізі		
3.	Эмоционалды интеллект – табысты тұлғаның негізі	Эмоционалды интеллект және оның адам өміріне әсері. Эмоционалды интеллекттің құрылымдық компоненттері: өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу, эмпатия, карым-катьнас жасау, (шешім кабылдау)	Қараша	Педагог-психолог ДТДЖО
4.	Балага мамандық тандайға қалаї комектесуге болады?	«Ұлы жол үйіннің табандырығынан басталады» баланызға мамандық пен қасіп түрлерін тандайдауда қалаї комектесуге болады	Жептөксан	ДБОЖО
5.	Күмарлықка бой алдыру – тәуелділік күрдімы	Тәуелділік түрлері (тамак, алкоголь, есірткі, химиялық заттар, вейп, күмар	Қантар	Сыйнып жетекшілер Мектеп инспекторы ДТДЖО
6.	Әлеуметтік жемілдер және ғаламтор кенистігі: жоғары сынып окушыларының кауіпсіздігі	Әлеуметтік жемілдер мен интернет кенистігіне тәуелділіктің алдын алу бойынша отбасы мен мектептің өзара әрекеті	Ақшан	ДТДЖО
	Күйзелісті көмектесеміз	Қателесу - тәжірибе жинауга мүмкіндік береді	Наураз	Педагог-психолог

7.	Сүйіспешілік – сыйластық кіті	«Айналайни» ұфымы, отбасында балага жан-жакты колдау көрсету Жоғары сынып окупшысымен «арнайы» тақырыптарда қалай сейлесуге болады	Сәуір	Педагог-психолог Медбике
8.	Агадан осиет, анадан касиет	Халық ластируі мен отбасы ластируінің байланысы. Ұрлактар сабактастыры алдынғы ұрлактан жастарға білім, құпиялықтар, көзкарастар мен дәстүрлердің берілуі  «Ананың ізін қыз басар, атаниң ізін ұл басар» Әке мен ананың отбасындағы рөлі  Отбасы тәрбисеіндегі міндетті түрде ескерілген маселе - казіргі балалардың даму ерекшеліктері	Мамыр	Атаапар,әжелер мектебінің төрайымдары  Сынып жетекшілер Педагог-психолог

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  Беделбеков А.